

Әлемдік
мәдениеттану
ой-санасы

Тіл
мен мәдениет

6



«Мәдени мұра»
Мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары
Қазақстан Республикасының
тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың
бастамасы бойынша шығарылды

Әлемдік
мәдениеттану
ой-санасы

Тіл мен мәдениет

6

Алматы,  «Жазушы», 2005

**“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасының
кітап сериялары**

Бас редакциясының алқасы

Тасмағамбетов И.Н. бас редактор
Тәжин М.М., бас редактордың орынбасары
Жанаханов Қ.Қ, жауапты хатшы

<i>Әбділдин Ж.М.</i>	<i>Құл-Мұхаммед М.А.</i>
<i>Әуезов М.М.</i>	<i>Мағауин М.М.</i>
<i>Байпақов К.М.</i>	<i>Мәмбеев С.А.</i>
<i>Зиманов С.З.</i>	<i>Нұрпейісов Ә.К.</i>
<i>Кәлетаев Д.А.</i>	<i>Нысанбаев Ә.Н.</i>
<i>Қасқабасов С.А.</i>	<i>Рахмадиев Е.Р.</i>
<i>Кекілбаев Ә.</i>	<i>Сұлтанов Қ.С.</i>
<i>Кенжегозин М.Б.</i>	<i>Сүлейменов О.О.</i>
<i>Қойгелдиев М.Қ.</i>	<i>Хұсайынов К.Ш.</i>
<i>Қосыбаев Е.М.</i>	

**”Әлемдік мәдениеттану ой-санасы”
сериясының редакциялық алқасы**

*М.Әуезов (төраға), Е.Исмаилов, М.Ақдаулет, Т.Әсем-
құлов, А. Жақсылықов, Қ.Қабдрахманов, Б.Қарақұлов,
Ә.Қодар, З.Наурызбаева, **С.Қондыбай**, С.Наурызбаева,
Б.Нұржанов, Қ.Нұрланова, Ш.Нұрпейісова, Е.Тұрсынов.*

ББК 71.1

Ә 52

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

*ҚР Ұлттық кітапханасы және Алматы қаласының
мәдениеттанушылар форумы ұсынған*

**Құрастырушы:
Ә.Б. Наурызбаева**

**Сарапшы
Б. Нұржанов**

Ә 52 “Әлемдік мәдениеттану ой-санасы”. Он томдық. 6-том
Тіл мен мәдениет.— Алматы: Жазушы, 2005. — 568 бет.

ISBN 9965-701-86-5

“Мәдени мұра” бағдарламасы шеңберіндегі әлемдік мәдениеттану ой-санасы сериясының VI томы тіл және мәдениет мәселелеріне арналған. Әлемдік лингвистиканың және қазіргі мәдениеттанудың өзекті мәселелерін қамтитын Ф. де Соссюр, Э. Бенвенист, Р. Барт, У. Эко, Р. Гаше сынды авторлардың, қазақ мәдениеттанушысы Е. Абақанның еңбектері енгізіліп отыр.

ББК 77.1

Ә 4401000000-062
402(05)-05

ISBN 9965-701-87-3-(т.2)

ISBN 9965-701-85-7

© “Жазушы” баспасы, 2005

АЛҒЫ СӨЗ

Мәдениеттің бастауы тілдің пайда болуымен тұспа-тұс келеді. Басқаша айтқанда, тіл — адами нақтылықты адамзаттың тіршілігі өтіп жатқан әлем ретінде жасайды. Ал адамзаттың тіршілігі — мәдениеттің әлемі екені белгілі. Әрине, тіл физикалық нақтылықты қалыптастырады дей алмаймыз, өйткені ол әлемнің бейнесін жасау барысында осы нақтылықты әлеуметке жеткізуші ғана. Дегенмен де біз тілдің көмегінсіз болмысты толықтай тани аламыз немесе тіл қатынас пен ойлаудың кейбір жеке мәселелерді шешудің қосымша құралы деп есептеу де қате болар еді. Шын мәнінде, біздің “нақтылы әлем” деп атайтынымыз бейсаналы түрде тілдік нормалар негізінде жасалады. Адамның қандай да бір құбылысты әрқалай көруі, естуі және қабылдауы тілдік нормалардың өз көрінісінің формасына сай болуымен байланысты.

Мәдениет тілі дегенімізді оның кең мағыналылығы сәйкес алар болсақ, бұл — адамдардың коммуникативті байланыс жасап, мәдениет кеңістігіндегі бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін құралдар, таңбалар, рәміздір мен мәтіндер. Мәдениет тілі — бұрын болған не жаңадан пайда болатын түсініктер, қабылдаулар, ұғымдар, бейнелер және басқа да осы тектес мәндік құрылымдар (мағынаны жеткізуші) ұйымдасатын нақтылықты түйсінудің әмбебап формасы болып табылады.

Тіл адам үшін маңызды түсініктер мен оның соларға деген қатынасын тіркеп отырады. Әлеуметтік қатынас саласында тіл — субъективті, жеке тәжірибеге интер-субъективті, мәдени мән үстеуді, әлеуметтік-маңызды түсініктерді жеткізуді, осындай түсініктерге баршаға ортақ мән үстеуді мүмкін ететін делдал, жол көрсетуші, құрал ретінде көрініс алады.

Семиотика тұрғысынан алғанда мәдениет тілінің негізгі құрылымдық бірлігі таңбалық жүйелер болып табылады. *Таңба* —

басқа заттың, қасиеттің немесе қатынастың объективті сыңары ретінде көрініс табатын және хабарды (ақпаратты, білімді) игеру, сақтау, қайта өңдеу және жеткізу үшін пайдаланылатын материалдық зат (құбылыс, оқиға). Бұл қызметтік қажеттілікпен шектелетін зат бейнесінің заттанған көрінісі. Таңбаның болуы хабарды байланыстың техникалық арналарымен жеткізілуін және оның әр түрлі — математикалық, статикалық, логикалық өнделуін мүмкін етеді.

Кез келген мәдениет тілінде қалыптасудың табиғи алғы шарттары болады, бірақ ол өзі табиғи құбылысқа жатпайды. Ол бірге өмір сүріп жатқан адамдардың өзара іс-әрекеті мен қатынасы арқылы қалыптасады. Ол жеке түсініктер өзінің жай ғана сыртқы көрінісін иеленген кезде емес, олар қарым-қатынас барысында жалпыға ортақ таңбалық бірлікке айналғанда және олардың қолданылуы кездейсоқ болмай, белгілі бір орныққан, міндетті ережелерге бағынған кезде пайда болады. Таңба түсініктен саналы түрде ажырағанда және осы түсініктің репрезентанты (өкілі), яғни оның көрінісі ретінде қызмет атқара бастаған тұста тіл қалыптаса бастайды.

Мәдениет тілдерінің әрқайсысын құрайтын және түсініктер мен әсерлерді жеткізуге арналған таңбалар өзінің шығу тегіне, сондай-ақ өздері жеткізіп тұрған нәрсеге ұқсас келу дәрежесіне қарай ажыратылады. Мәдениетті зерттеушілер таңбалық жүйелердің негізгі бес түрін бөлек қарастырады, олар: *табиғи, қызметтік, конвенциялық (келісімді), вербальды және жазу жүйелері*. Табиғи таңбаға басқа заттың немесе құбылыстың көрінісі ретінде олар туралы мәлімет бере алатын, табиғаттағы заттар мен құбылыстар жатқызылады. Көбінесе, табиғи таңбалар қандай да бір бүтін нәрсенің қасиеті, бөлігі ретінде сол бүтін нәрсе туралы ақпарат беріп тұрады. Табиғи таңба белгі-таңба болып табылады, мысалы түтін — оттың белгісі болады.

Функциональды (қызметтік) таңба да белгі-таңбаға жатады. Бірақ табиғи таңбалармен салыстырғанда, қызметтік таңбалардың белгілеп тұрған нәрсемен байланысы олардың объективті қасиеттеріне емес, орындайтын қызметіне негізделеді. Бұл, әдетте, тікелей прагматикалық қажеттілікті өтейтін, бірақ сонымен қатар тікелей қызметімен қоса адами қызметке де араласып, таңбалық қызмет атқаратын заттар мен құбылыстар, яғни олар зат пен құбылыс туралы қандай да бір ақпаратты жеткізіп тұрады. Қызметтік таңбаларға,

мысалы, өндірістік техниканы жатқызуға болады, өйткені кез келген механизмді немесе бөлшекті өзі элементі болатын бүкіл техникалық жүйе туралы ақпаратты иеленетін таңба ретінде қарастыруға болады. Егер табиғи және қызметтік таңба үшін таңбалық функция жанама қызмет ретінде “қосымша” түрде атқарылған болса, конвенциялық таңбалар үшін бұл қызмет негізгі болып табылады. Конвенциялық таңбаларды нағыз таңбаларға жатқызуға болады. Олардың мағыналарын бейнелеп тұрған заттар мен процестер емес, адамдардың келісімі анықтайды. Конвенциялық таңбаның төрт түрі болады:

1) адамды сақтандырып немесе хабарлап тұратын *таңбалар*. Мысалы, бағдаршам түстері, жүргіншілер өтетін жолдың “жолақтары”, флоттағы жалауша белгілер;

2) *индекстер* — басқа жағдайлармен не заттармен салыстырғанда оңай ажыратылатын қандай да бір затты не жағдайды белгілейтін шартты белгілер. Мысалы, аспаптың көрсеткіші, картографиялық белгілер, сызбадағы, графиктегі, кәсіби іс-қағаздағы түрлі белгілер және т.б.;

3) *бейнелер* өздері белгілеп тұрған нәрсемен ұқсастығына қарай жасалады. Мұндай ұқсастық бейнеден және бейнеленетін нәрседен туындайтын идеялар мен ассоциациялардың толық немесе жартылай сай келуіне байланысты сыртқы немесе ішкі мазмұндық сипатқа ие бола алады. Мысалы, жүргіншілер өтетін жол, эскалатор және т.б. белгілейтін сурет-таңбалар.

4) материалдық немесе идеялық *символдар*. Бұлар коммуникативті немесе трансляциялық процесте белгіленетін нысанды жай ғана белгілейтін, сонымен қатар оның мағынасын да, яғни сол нысанға қатысты абстрактылы идеяларды немесе ұғымдарды көрнекі-бейнелі түрде жеткізіп тұратын мәдени нысандар. Символдардың ең қарапайым түріне эмблемалар, гербтер, ордендер, жалаулар және т.б. жатады.

Жеке конвенциялық таңбалармен қатар, мәдениеттің даму барысында әр түрлі конвенциялық таңбалардың жүйесі пайда болады. Мысалы: геральдика, жол жүрудің таңбалар жүйесі, әр түрлі салт-дәстүрдің (үйлену, жерлеу, той, діни, лауазымға ие болу — коронация, инаугурация (ұлықтау) және т.б.) орындалуына байланысты рәсімдік жүйелер. Әлеуметтік-мәдени өмірдің әр саласына өзіндік символикалық жүйе тән деуге болады.

Ең маңызды таңбалық жүйеге *вербальды жүйе* жатады. Кез келген табиғи тіл — сол тілде сөйлейтін қайсыбір

халықтың тұтас мәдениетінің негізін құрайтын тарихи қалыптасқан таңбалық жүйе. Бұл жүйе адамның биологиялық болмысында бар (мидың, кеңірдектің, есту мүшелерінің және т.б. құрылысы) психофизиологиялық мүмкіндіктер негізінде қалыптасады. Алайда, тілдің болмысы әлеуметтік болып табылады. Ол адамдардың өзара іс-әрекеті мен қатынасының арқасында ғана қалыптасады және дамиды.

Вербальды жүйенің ең басты ерекшелігі ретінде оның өзіндік құрылымдық құрылысын атауға болады. Вербальды жүйе дегеніміз таңбалардың көп қатарлы, иерархиялық (өзара бағынышты), тарамдалған құрылысы болып табылады. Негізгі құрылымдық бірлік — сөз. Сөз іштей жіктеледі (түбір, жалғау, жұрнақ, қосымша және т.б.). Сөздер фразаға, айтылымға, сөйлемге бірігіп мәтінді құрайды.

Табиғи тіл — ашық таңбалық жүйе. Жасанды, формальданған тілдермен салыстырғанда, онда шексіз даму қабілеті бар. Тілдің мұндай ерекшелігі мәдениетті зерттеу үшін аса маңызды қасиет болып саналады. Адам өміріндегі жаңа құбылыстар, ғылым мен техникадағы жаңалықтар сөз арқылы орнығып, тілдің сөздік қорын — лексиканы байытады. Сонымен қатар, сөздер ескі өмірдің жағдайларымен қоса қолданыстан шығады немесе мағынасын және стильдік бояуын өзгертеді. Қоғамдағы өзгерістердің табиғи тілдің эволюциясына әсері ерекше болады. Дегенмен де өзгермелі болуына қарамастан негізгі сөздік қор — тілдің лексикалық “өзегі” — ғасырлар бойы сақталады. Сонымен, негізінен тіл ғасырлар бойы баяғы қалпын сақтап келеді және бұл буындардың өзара түсінісуінің, мәдениетте өткеннің тәжірибесін сақтаудың негізі болады.

Адамзат мәдениетінің дамуының белгілі бір сатысында жазудың таңбалық жүйелері: *жазу* (табиғи тілдің жазу жүйесі), ноталық жазу, биді қағазға түсіру және т.б. қалыптасады. Мұндай таңбалық жүйелердің ерекшелігіне олардың сөйлеу тілі, музыка, би сияқты басқа таңбалық жүйелер негізінде пайда болып, олармен салыстырғанда екінші орында тұруы жатады. Жазудың таңбалық жүйесін ойлап табу — адам мәдениетінің ең ұлы жетістіктерінің бірі. Жазудың пайда болуы мен дамуы мәдениеттің тарихындағы ерекше маңызы бар оқиға болды. Жазусыз ғылымның, техниканың, құқықтың және т.б. дамуын елестету де қиын. Өркениеттің басталуы жазудың пайда болуымен байланысты.

Ауызекі тілде негізгі таңба сөз болса, жазудың негізгі таңбасы ретінде одан гөрі объективті әрі абстрактылы әріп алынған. Жүйедегі негізгі таңбалардың саны бірте-бірте азайып, мұның салдарынан таңбалық жүйені қолдану қисынында түбегейлі өзгерістер туындайды. Соның арқасында ақпарат алудың, қабылдаудың, өндеудің жаңа түрлерін жасау мүмкіндігі ашылады.

Жазу арқылы тілдің сөздік қорын жасанды түрде ұлғайтуға мүмкін болады. Жазудың пайда болуымен қатар тілдік нормалар мен ержелер де қалыптасады. Бұл нормаға түскен әдеби тілдің жасалуына, ойды жеткізу тәсілдерін жетілдіруіне жол ашып қана қоймай, жазу арқылы қатынастың уақыт пен кеңістікке қатысты шектеулерін де алып тастауға септігі тиеді. Жазудың арқасында таңбаларды көбейтуге, яғни кітаптарды басып шығаруға жол ашылды.

Мәтін мәдениет тілінің синтездік формасына жатады. Мәдениеттанудың қазіргі түсінігі бойынша мәтінді жай ғана сөйлеу әрекеті немесе айтылымдардың қағазға түскен жиынтығы деп анықтауға болмайды. Мәтін — адам қолынан шыққан барлық нәрсе (заттар, жол-жора, көркем шығарма, кітап, би және т.б.). Мәтін — белгілі бір мағынаға ие болатын таңбалық жүйелер жиынтығы. Сонымен, мәдениеттің кез келген құбылысы адамдардың таңбалық жүйе көмегі арқылы жасалған мәтін болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда мәтінді — мәдениеттің “жаны мен тәні”, ал мәдениеттің өзін белгілі бір мәтіндер жүйесі ретінде түсіндіруге болар еді. Сондықтан мәдениетті тану мәтінді тану дегенді білдіреді. Мәтін негізгі ақпарат иеленуші болып табылады.

Бірақ әрбір мәтін — көпмағыналы. Онда объективті ақпараттан өзге мәтін авторының көзқарасын білдіретін субъективті мәндер, мәтіннің жасалуына себеп болған психологиялық уәждер және т.б. болады. Мәтін авторының өзіндік мәдениетін объективті тәсілдер арқылы тану мүмкін болмайды. “Түсінудің” герменевтикалық процедуралары негізінде ғана оған қол жеткізуге болады. *Герменевтика* оқырманның мәтінді түсінуі автордың көзқарасымен принципті түрде сай келмеуіне негізделген. Бұл оқырман мен автордың әр түрлі қайталанбас тұлға болумен ғана емес, ең маңыздысы, осы мәтін жасалатын мәдени контекстердің әр түрлі болуымен байланысты. Жаңа тарихи-мәдени контекске түскен мәтін жасалған кезіндегі мағынадан ерекше

жаңа мағынаға ие болады. Сонымен, дәуірден дәуірге қарай мәдениет туындысының түсінігі өзгеріп отырады. Ол ешқашан түпкілікті, “жалғыз дұрыс” түсінік болмайды. Мәтіндер тарихта өмір сүреді және солармен сұхбаттасқан жаңа буындар олардың мазмұнын жаңадан пайымдап, өмір қоятын сауалдарға жауап іздейді. Осылайша мәтіндердің объективацияға түсуіне байланысты мәдени құндылықтар жойылмайды, өйткені олардың мән-мағынасы үнемі жаңарып отырады.

Мәдениет тілін зерттеудегі барлық осы идеялар мен тәсілдер әлеуметтік және мәдени құбылыстардың негізінде жатқан үлгілерді ашуға ұмтылатын *семиотикадан*, *структурализмнен* және *постструктурализмнен* құралған парасатты іс-қимыл өкілдерінің үлесінде болады. ХХ ғасырдың тіл ғылымында ең ықпалды бағыт саналған құрылымдық лингвистика *структурализмнің* әдістемелік үлгісі ретінде қызмет атқарып келді. Лингвист тілдік айтылымдарды мүмкін етіп тұрған жасырын қарама-қарсылықты, құрылым мен ережені айқындауға талпынса, структуралист киімді, әдебиетті, этикетті, мифті, ым-ишараны қайсыбір мәдениеттің өкілі пайдаланатын көптеген “тілдер” ретінде қарастырды; ол әрбір жағдайда нақты іс-әрекеттердің немесе нысандардың құрылымын анықтап тұратын қарама-қарсылықтардың жасырын жүйесін анықтауға талпынады. Лингвистика, мәдени антропология және әдебиеттану сияқты салаларда кеңінен тараған структурализмнің басқа да салаларға әсері болды. Қазіргі лингвистиканың негізін қалаушысы *Ф. де Соссюр* (1857-1913) структурализмнің де негізін қалаушы болып есептеледі. Соссюр нақты сөйлеу әрекеті немесе айтылымның (фр. parole) және оның негізінде жататын жүйенің (оны адам тілді (фр. langue) игеру барысында меңгереді) арасындағы айырмашылықты анықтаған. Тілді таңбалар жүйесі ретінде зерттеу барысында құрылымдық лингвистика тілдік тізбектердің жасалуын меңгеретін ережелер мен мағынаны жасайтын қарама-қарсылықтарды да анықтайды. Лингвистикадағы структуралистердің барлығы *Ф. де Соссюрдің* бірқатар идеяларын (кейбір жағдайда өзгертулерін енгізіп) қабылдаған болатын. Олардың ішінде тіл мен сөйлеуді ажырату және лингвистикаға нақ осы тілді зерттеу міндетін жүктеуді, тілді таңбалар жүйесі ретінде тануды, лингвистиканы синхрониялық және диахрониялық деп бөліп қарастыруды, тіл

жүйесін тұтас алып, тіл бірліктерінің арасындағы жүйелік қатынастарды анықтауды атауға болар еді. Структурализмнің әр түрлі бағыттары Ф. де Соссюрдің әр түрлі ойларын керегіне жаратқан.

Структурализмнің яғни құрылымпаздықтың басты тұжырымы әлеуметтік және мәдени құбылыстарды ішкі құрылым (олардың бөліктерінің қатынастары), сондай-ақ сәйкес келетін әлеуметтік және мәдени жүйелердегі басқа құбылыстармен қатынастары анықтап тұрады дегенге саяды, ал мұндай жүйелер таңбалар жүйесі болып табылады, сондықтан әлеуметтік және мәдени құбылыстар — жай ғана нысандар мен құбылыстар болмай, мағынаны иеленуші нысандар мен құбылыстар болып шығады. Мысалы, киімді зерттеумен айналысатын структуралист қайсыбір мәдениетте маңызды болатын белгілерді анықтап алады. Киім бұйымын пайдаланушы адам үшін маңызды болатын көптеген физикалық белгілердің ешқандай әлеуметтік мәні болмауы мүмкін: қайсыбір мәдениетте көйлектің ұзындығына мән берілсе де, көйлек тігілген матаның түрі еленбеуі мүмкін. Киім бұйымдарын таңбаға айналдыратын белгілерді анықтай отырып, яғни, құрылымпаз структуралист сол мәдениетке жататын адамдардың мінез-құлқына әсер етуші жасырын келісімнің (конвенция) жүйесін де анықтауға талпынады. Ең дұрысы құрылымдық талдау қарастырылатын құбылыстың “грамматикасының”, яғни көрініп тұрған мен жасырын тұрған нәрсенің өзара қатынасын айқындай алатын болуы мүмкін комбинациялар мен конфигурациялардың ережелер жүйесінің жасалуымен аяқталуы тиіс.

Структурализм, яғни, құрылымпаздық құрылымдық талдау арқылы ғана анықталатын әлеуметтік институттар мен келісім жүйелерінің адами тәжірибені жасай алу мүмкіндігін түсіндіреді. Құрылымдық түсіндірулер бейсаналылық ұғымына негізделген. Мысалы, тілді алайық: мен жаңа айтылымдарды жасап, оларды түсінетін дәрежеде қайсыбір тілді игергенмін, бірақ мен өзім білетін нәрседен ешқандай хабарым жоқ; мен өзім қолданатын күрделі грамматикалық жүйені тани алмаймын және лингвистер де оның толық сипатын жасаған жоқ. Олардың міндеті менің тілдік мінез-құлқымды анықтап тұрған бейсаналы жүйені сипаттау болып табылады. Егер структурализм субъект түсінбейтін жүйеге сілтеме жасай отырып, мағынаны түсіндіретін болса, онда ол саналы

шешімдерді себептен гөрі, салдар ретінде түсіндіруге жақын тұрады. Адами “мен”, субъект дегеніміз қандай да бір берілетін нәрсе емес, ол — әлеуметтік және мәдени жүйенің өнімі.

Лингвистика шеңберінен тыс жататын интеллектуалдық қозғалыс ретіндегі структурализм 1960-жылдары Францияда аса ықпалды болады. Әдебиеттану мен әдеби сындағы структурализм 1960-жылдары Францияда *Р.Барттың* еңбектері жарық көргеннен кейін пайда болады. Структуралистік әдебиеттану франциялық университеттерде кең тараған тарихи және биографиялық әдебиеттануға қарсы шыққан бүліктей болатын. Структурализм таза *мәтінге* оралуға ұмтылса да, мәтіннің құрылымын қандай да бір теориясыз немесе әдістемелік үлгісіз анықтау мүмкін болмайтынын да ескереді. Өзінің *Сын және ақиқат (Critique et verite, 1960)* деп аталатын еңбегінде Р.Барт әдеби шығарманы белгілі бір контекске орналастырып, оған қайсыбір мағынаны үстеуге талпынатын әдеби сынның және мағынаның шарттарын, мәтінді жасап тұратын және оның түсіндірілуінің белгілі бір диапазонын анықтайтын формальды құрылымдар мен келісімдерді зерттейтін әдебиет туралы ғылымның немесе поэтиканың арасындағы өзгешелікті анықтайды. Әдеби сындағы структурализм тілдің, әдебиеттің және әлеуметтік тәжірибе конвенциясының бұзылу нәтижелерін саналы түрде анықтауға талпынған қазіргі әдебиетке жауап ретінде дүниеге келген. Структурализм құрылымдар мен кодтарға үңілу арқылы әдебиетті әлемді қайталау деп түсінетін ұғымды жоққа шығарып, оны тілмен және мәдени кодтармен эксперимент жасау деп біледі. Құрылым жасаушы әрекеттер арқылы біз әлемді түсініп, реттей аламыз, ал сондай әрекеттерді сыннан өткізу әдебиет құнын арттыра түседі. Сондай-ақ, әдебиет әлеуметтік әлеміміздің конвенционалды табиғатын айқындайды.

Таңбалар туралы ғылым ретінде *семиотика* XX ғасырдың басында пайда болады және таңба ұғымын пайдаланатын бірқатар ғылымдардың арасында ерекше орынға ие болды. Семиотика адами қатынастарды (соның ішінде табиғи тілдің көмегімен жасалатын қатынастарды да), жануарлардың қатынасын, әлеуметтік және ақпараттық процестерді, мәдениеттің қызметі мен дамуын, өнердің барлық түрлерін (көркем әдебиетті қосқанда) және т.б. зерттеумен айналысады. Таңба туралы ғылымды жасау туралы идеяны

шамамен бір мезгілде бірқатар ғалым ұсынған болатын. Семиотиканың негізін қалаған американдық логик, философ және табиғаттанушы Ч.Пирс (1839-1914) саналады және пәнді осылай атаған да сол болатын. Пирс таңбаның анықтамасын, таңбалардың алғашқы классификациясын (индекс, икона, символ) жасап, жаңа ғылымның міндеттері мен шегарасын анықтап берді. Одан кейін Ф. де Соссюр семиологияның немесе таңбалар туралы ғылымның негізін тұжырымдады. Соссюрдің әйгілі Жалпы лингвистика курсы (дәрістер курсы) ол қайтыс болғаннан кейін 1916 жылы шәкірттері басып шығарды. “Семиология” термині қазіргі кезде де кейбір дәстүрлерде (ең әуелі франциялық мектебінде) семиотиканың синонимі ретінде қолданылады. Таңбалар туралы ғылым жасау қажеттілігі жөнінде айтылған ортақ идеяның болуына қарамастан, сол ғылымның мәні туралы түсініктердің арасында (Пирс пен Соссюрда) едәуір өзгешелік бар еді. Пирс оны математиканың бір бөлігі болады деп елестеткен. Соссюр семиологияны гуманитарлық ғылымдардың үстінен қарайтын психологиялық ғылым ретінде ұғынған. Семиотиканың негізінде әр түрлі дәстүрде әр түрлі ұғынылатын таңба туралы ұғым жатыр. Ф. де Соссюрден басталатын лингвистикалық дәстүрде таңба қос қырлы мәнділік ретінде анықталады. Бұл жағдайда таңбаның материалдық иеленушісі — *таңбалаушы*, ал ол белгілейтін нәрсе — *таңбаланушы* деп аталады. “Таңбалаушының” синонимдері ретінде “форма” және “көрініс планы” терминдері, ал “таңбаланушының” синонимдері ретінде “мазмұн”, “мазмұн планы”, “мағына” және кейде “мән” деген терминдер қолданылады. Семиотика негізгі үш салаға: синтактика (немесе синтаксис), семантика және прагматикаға бөлінеді. Синтактика таңбалардың және олардың бөліктерінің (әңгіме таңбалаушылар туралы болып отыр) арасындағы қатынастарды зерттейді. Семантика таңбалаушы мен таңбаланушының арасындағы қатынасты зерттейді. Прагматика таңба мен таңбаны қолданушының арақатынасын зерттейді. Семиотикалық зерттеулердің нәтижелері тілдің және басқа таңбалық жүйелердің арасындағы параллелизмді айқындап берді. Бірақ табиғи тіл ең күрделі, қуатты әрі әмбебап таңбалық жүйе болғандықтан семиотикалық тәсілдерді лингвистикаға тікелей енгізу тиімсіз болады. Керісінше, лингвистиканың тәсілдері, әсіресе лингвисти-

калық семантиканың тәсілдері семиотиканың дамуына зор ықпал етті. Қисындық тұрғыдан семиотика лингвистикамен салыстырғанда қамтуы жағынан көлемді пәнге жатады, бірақ тарихи тұрғыдан келгенде, оның қалыптасуы табиғи тілдің құрылысы туралы білімнің жинақталу нәтижесіне байланысты болады. Дегенмен де XX ғасырдың лингвистикасында семиотикалық тұрғы мен “таңба”, “коммуникация” тәрізді негізгі семиотикалық ұғымдардың маңызы зор болды. XX ғасырда семиотика әр түрлі бағытта дамыды. Американдық семиотикада әр түрлі вербальды емес символдық жүйелер, мысалы ым-ишара немесе жануарлардың тілі зерттеу нысанына айналды. Еуропада, керісінше, алдымен Соссюрден басталатын дәстүр дамыған. Семиотиканы лингвистер — Л.Ельмслев, Н.С.Трубецкой, Р.О.Якобсон және т.б. және әдебиеттанушылар — В.Я.Пропп, Ю.Н.Тынянов, Б.М.Эйхенбаум т.б. дамытқан. Лингвистикалық тәсілдер басқа салаларда да қолданыс тапты. Кейін Р.Барт, А.Греймас, К.Леви-Строс, У.Эко сияқты франциялық және италиялық структуралистер әлеуметтік және мәдени құбылыстарды зерттеу барысында құрылымдық тәсілдерді пайдаланады.

XX ғасырдың 70-жылдары структурализмді сынға алып, оның орнын постструктурализм ағымы басады. Постструктурализм құрылымдағы “құрылымға жатпайтындардың” барлық нәрсені түсіндіруді, лингвистикалық редукционизмді жеңуді және мәтінді оқудың жаңа тәжірибесін жасауды мақсат етіп алады. Бұл бағыт Р.Барт, Ж.Деррида, М.Фуко, Ж.Бодрийяр, У.Эко және т.б. бұрынғы структуралистер арасында белсенділікпен дәріптелді. Постструктурализм қазіргі философияның, өнердің және ғылымның бір бағыты ретіндегі постмодернизмнің құранды әрі бастапқы бөлігі болып табылады. Постструктурализмнің негізгі нысаны — Мәтін. Постмодернизмнің философиялық-эстетикалық негізіне *Ж.Дерриданың* деконструкция туралы идеясы, *Р.Барттың* “автор өлімі” туралы идеясы және оның “мәтін” ұғымын негіздеуі, сондай-ақ италиялық семиотик *У.Эконьың* иронизм тұжырымдамасы алынған. Сондықтан да олардың шығармашылығы ерекше қызығушылық туғызады және көптеген ғалымдар олардың мәтіндеріне үңіліп, оларды түсіндіруге талпынады (мысал үшін осы томдағы Р.Гаше еңбегінің *Ж.Дерриданың* деконструкция, мәтін, әдеби сын идеяларына арналған үзіндісін келтіруге болады).

Тіл — кез келген таңбалық жүйе сияқты — бір нәрсенің екінші нәрсемен алмасуына және олардың арасындағы байланысты тұрақтандыруға негізделеді. Осындай алмастыру мен ығыстырудың терең мәні неде? Бұл процесте мәдениеттің атқаратын рөлі қандай? Кез келген мәдени жүйені әлеуметтік саладағы таза мәндерді емес, олардың парықтылықтарын қолданатын таңбалық жүйе ретінде қарастырған Э.Бенвенист мәдениеттегі тілдің орны туралы былай деп жазады: “Біз үшін тіл формальды құрылысы жағынан да, қызметі жағынан да бір мезетте семиотикалық болатын жүйенің бірден-бір мысалы бола алады”, тіл кез келген семиотикалық жүйені жасау үшін үлгі боларлық “әмбебап семиотикалық матрица” болып табылады. Тіл адамның анықтамасына етене жақын болады: тілсіз адамды және өзіне тілді ойдан шығарып алған адамды елестету мүмкін емес... әлемде тілі бар адамдар ғана, басқалармен сөйлесетін адамдар ғана өмір сүреді, сондықтан тіл міндетті түрде адамның анықтамасына жатады”. Семиологияның болашақтағы дамуын Бенвенист мәтіндердің “тілден тыс” (транслингвистикалық) дамуымен байланыстырды. Ал Бенвенисте объективті баяндауға қарама-қарсы қойылып, “сөйлеуші иеленген сөз” дегенді білдіретін “дискурс” сөзі қазіргі гуманитарлық ғылымдардың әр түрлі саласында белсенді қолданылып жүр және Бенвенистің арқасында терминологиялық мәнге ие болды.

Осы кітаптың мазмұнын құрайтын еңбектер мұқият зерттеуге лайықты басқа да көптеген еңбектер арасынан іріктеліп алынды. Дегенмен де “Тіл және мәдениет” проблемасына қатысы бар орасан зор ғылыми мәтіндердің бәрін бір кітаптың көлеміне сыйғызу мүмкін болмайды. Әрине, бұл проблеманы басқа маңызды әрі қызықты теориялық аспектілерден қарастыратын ұлы ғалымдардың еңбектері біздің назарымыздан тыс қалып отыр. Бірақ олардың барлығы болашақта қазақ тіліне толық аударылып, оқырманға ұсынылады деген үмітіміз бар. Ұсынылып отырған томға XX ғасырдың әлеуметтік-гуманитарлық саласында зәрулігі аса айқын көрінген салыстырмалы лингвистиканың, семиотиканың, структурализм мен постструктурализмнің дамуына елеулі әсер еткен ғалымдардың еңбектері енгізілді.

Фердинанд де Соссюр

Кіріспе

I-тарау. ЛИНГВИСТИКА ТАРИХЫНА ЖАЛПЫ КӨЗҚАРАС

Тіл ғылымы өзінің нағыз және жалғыз нысаны пайымдалғанға дейін дамудың үш жүйелі кезеңінен өтеді.

Бәрі де “грамматикадан” басталады. Алғашқы кезде гректерде пайда болған, ал кейін Францияда дамыған бұл пән логикаға негізделген және тілге деген ғылыми да дәйекті көзқарастан ада еді: оның мақсаты теріс және дұрыс формаларды ажырату үшін, ережелерді жасау болатын. Бұл таза бақылаудан алшақ жатқан нормативті пән: осыған байланысты оның көзқарасы да, әрине, тым тар болатын.

Кейін филология пайда болады. “Филологиялық” мектеп әуелгіде Александрияда пайда болған, бұл терминнің негізін 1777 ж. Фридрих Август Вольф қалаған, ол қазір де бар ғылыми бағытқа қатысты қолданылады. Тіл филологияның жалғыз ғана нысаны емес: ол өзіне мәтіндерді анықтауды, талдауды және түсіндіруді міндет етіп алады. Бұл негізгі міндет, оны әдебиеттің, тұрмыстың, әлеуметтік институттардың және т.б. тарихымен айналысуға жетелейді. Барлық жерде ол өз тәсілін, яғни түпнұсқаны сыннан өткізуді пайдаланады. Егер ол лингвистикалық мәселелермен айналысса, онда негізінен, әртүрлі дәуірдің мәтіндерін салыстыру, белгілі бір автордың тілін анықтау, көне немесе беймәлім тілдегі жазбаларды оқу және түсіндіру үшін қажет. Осындай зерттеулердің тарихи лингвистикаға жол ашып бергені даусыз: Плавт туралы жазған Ричльдің еңбектерін лингвистикалық деп тануға болады. Бірақ бұл саладағы филологиялық сынның елеулі кемшілігі бар: ол тірі тілді ұмытып, жазба тілге құлша берілген: оның айналысатыны тек қана грек және рим көнеліктерінің саласы.

Үшінші кезеңнің басталуы тілдерді өзара салыстыру мүмкіндігінің ашылумен байланысты. Осылайша, салыстырмалы филология немесе басқа сөзбен айтсақ, салыстырмалы грамматика пайда болады. 1816 ж. Франц Бопп өзінің “Санскрит тілінің жіктелу жүйесі туралы...” деп аталатын еңбегінде, санскрит тілі мен грек, латын және т.б. тілдердің арасындағы байланысты зерттеген. Бірақ мұндай байланысты алғашқы рет анықтаған және бұл тілдер бір тілдік ұядан тарайды деген болжам айтқан Бопп емес. Бұл туралы ағылшын шығыстанушысы Вильям Джоунз (1746-1794) одан бұрын айтып қойған болатын. Дегенмен, 1816 ж. бұл тұжырымның маңыздылығын кім-кім де ұғынды деу үшін, “жеке” пікірлердің болуы жеткіліксіз. Сонымен, Бопптың еңбегі санскрит және кейбір Еуропа және Азия тілдерінің арасындағы туыстықты анықтауда емес, туыс тілдердің өзара қатынастарын зерттейтін дербес ғылымды жасауға болатынын түсінгендігінде. Бір тілді басқа тіл арқылы талдау, бір тілдің формаларын басқа тілдің формалары арқылы түсіндіру — міне, Бопп еңбегінің жаңалығы осында.

Егер ол кезде санскрит әлі ашылмаған болса, Бопптың өз ғылымын жасауы да (осындай қысқа мерзімде) екіталай еді. Бопп ізденістерінің ауқымы кеңейіп, ұлғаюына грек және латын тілдерімен қатар, деректердің үшінші көзінің, яғни санскрит тілінің мәлім болуы да септігін тигізді; санскрит тілінің өзімен салыстырылатын тілдердің қасиеттерін ашуға қолайлылығы, бұл артықшылықты одан әрі күшейте түсті.

Бұған бір мысал келтірейік. Егер латынның *genus* (*genus, generis, genere, genera, generum*¹, т.б.) және гректің *génos* (*génos, géneos, géneī, génea, genéōn*, т.б.) жіктелу парадигмаларын зерттегенде, оларды жеке немесе өзара салыстыра қарасақ та, нәтижесіндегі қатарлар ешқандай қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді. Алайда, оларды сәйкес келетін санскрит парадигмасымен салыстырғанда (*janas, janasas, janasi, janassu, janasām* т.б.), жағдай күрт өзгереді. Осы парадигмаға көз тастап, басқа: грек және латын парадигмалары арасындағы қатынастың бар екенін білуге болады. *Janas* әуелгі қалып болуы мүмкін деген болжам жасап (түсіндіруге қолайлы болу үшін,), гректің *gène(s)os* және

¹ Біз бұл жерде және келешекте де, “Курстың” француз басылымында берілген грек сөздерінің транслитерациясын сақтаймыз. — Аудармашы ескертпесі.

т.б. формасында, s екі дауыстының ортасында тұрғанда әр кез жойылып отырады деген қорытынды жасауға болады. Сондай-ақ, осындай жағдайда латын тіліндегі s — тың r — ға айналуы байқалады. Бұдан басқа, грамматикалық тұрғыдан келгенде, санскрит парадигмасы үндіеуропалық түбір туралы түсінікті де нақтылап тұрады, өйткені бұл элемент нақты әрі тұрақты бірлік (janas). Санскрит айқындаған жағдайды латын және грек тілдері дамудың бастапқы кезеңдерінде ғана бастан кешірген. Сонымен, бұл жағдайда санскрит барлық үндіеуропалық s-ты сақтап қалуымен ерекшеленеді. Екінші жағынан алғанда, ол ортақ прототипке тән сипаттарды нашар сақтаған: мысалы, оның дауыстылары ғаламат өзгеріске ұшыраған. Дегенмен де, оның бойында сақталып қалған әуелгі элементтер зерттеуге зор көмегін тигізеді және көбінесе осы санскрит қана басқа тілдегі түрлі құбылыстарды түсіндіре алады.

Әуелден бастап Бопптың қасында басқа да әйгілі лингвистер бой көрсете бастайды: германистиканың негізін қалаған Якоб Гримм (оның “Неміс тілінің грамматикасы” 1819-1837 жж. жарық көрді); этимологиялық ізденістері лингвистерге бай материал тауып берген Август Фридрих Потт; ғылыми еңбектері салыстырмалы тіл білімі мен салыстырмалы мифологияны қамтыған Адальберт Кун; индологтар Теодор Бенфей мен Теодор Ауфрехт және т.б.

Осы мектептің ең соңғы өкілдерінің арасында Макс Мюллерді, Георг Курциусты және Август Шлейхерді ерекше атап өткен жөн. Олардың әрқайсысы салыстырмалы тіл біліміне елеулі үлес қосқан. Макс Мюллер тіл білімін тамаша дәрістерімен насихаттаса да (“Тіл ғылымы туралы дәрістер”, 1861, ағылшын тілінде), оның жауапкершілігі тым артып кетті деуге болмас. Көрнекті филолог Курциустың есімі “Грек этимологиясының негіздері” (1858-1862, 1879) арқылы мәлім болады. Ол ең алғашқы рет салыстырмалы грамматика мен классикалық филологияны “татуластырды”. Өйткені соңғысының өкілдері жас ғылымға сенімсіздікпен қарағандықтан, ол өзара сәйкестік сипатта бола бастаған еді. Ал Шлейхер болса — барлық жеке салыстырмалы зерттеулердің басын қосуға талпынған бірінші лингвист. Оның “Үндігерман тілдері салыстырмалы грамматикасының компендиумы” (1861) — Бопп негізін қалаған ғылымның белгілі-бір жүйесін танытатын еңбек. Бұл еңбек көптеген жылдар бойы ғалымдарға мол көмегін тигізуімен қатар,

индоевропеистиканың бастапқы даму кезеңіндегі салыстырмалы тіл білімі мектебінің бейнесін де жақсы сипаттай алады.

Дегенмен де бұл мектептің құнарлы тынды игерген еңбегіне ешкім дау айта алмаса да, ол шынайы ғылыми лингвистиканы жасай алмады. Ол өзі зерттейтін пәннің табиғатын ашуға талпынған жоқ. Ал осындай алдын-ала талдауы болмаса, ешбір ғылымның өз тәсілін жасай алмайтыны белгілі.

Салыстырмалы грамматиканың негізгі қателігі (оның өзегінде басқа да қателіктер жатыр) — осы бағыт өкілдерінің, тек үндіеуропалық тілдермен шектелген зерттеулеріндегі салыстырулардың неге сай келіп, анықталған қатынастардың мәні қандай деген сұрақтарға ешқашан жауап іздемеуінде. Олардың ғылымы тарихи болудың орнына, таза салыстырмалы ғылым болып қала берді. Әрине, тарихи болмысты қайта қалпына келтіру үшін, салыстыру қажетті шарт болып саналады. Алайда салыстырудың өзін ғана қолданып, дұрыс тұжырымға келе алмаймыз. Ал мұндай тұжырымдардың компаративистер назарына ілікпеуінің себебі, олардың екі тілдің дамуын жаратылыстанушының екі өсімдіктің дамуын зерттегеніндей зерттеуіне байланысты. Мысалы, Шлейхер үнемі үндіеуропалық алғашқы тілден бастауды ұсынып жүрсе де, яғни, нағыз тарихшы ретінде көрінсе де, күмәнданбастан грек тіліндегі *e* және *o* ортақ вокализмнің екі “сатысы” (Stufen) деген пікір айтады. Шын мәнінде, санскрит тіліндегі дауыстылардың алмасу жүйесіне қарап, осындай сатылардың болуы мүмкін деген ойға қалуға болады. Әр тілдегі даму, бір текті өсімдіктердің өзара тәуелсіз даму фазасынан өтуі тәрізді, осындай екі саты арқылы дербес және қатар жүруге тиіс дегенді алға тартып, Шлейхер гректің *o*-сында *e*-нің, ал санскриттің *ā*-сында *ā*-ның күшейтілген сатысын көреді. Шын мәнінде, мәселе грек және санскрит тілінде әртүрлі көрініс табатын дыбыстардың үндіеуропалық алмасуына байланысты, ал оның осы тілдердегі грамматикалық салдары міндетті түрде бірдей болуы шарт емес.

Бұл таза салыстырмалы тәсілден қателіктердің тұтас жүйесі туындайды, оларға шын мәнінде ешнәрсе де сай келмейді және олар адам тілінің өмір сүру жағдайына да қайшы келеді. Тіл — ерекше сала, табиғаттың төртінші әлемі ретінде қарастырылды; мұның бәрі басқа ғылымда таңқалдыруы мүмкін пайымдау әдістерінің пайда болуына негіз болды. Бүгінде сол кезде жазылған он жолды оқи отырып, ой мен терминдердің қиялилығына таң қалмасқа болмайды.

Дегенмен де әдістемелік тұрғыдан алғанда осы қателіктерді білудің де пайдасы тиеді: жас ғалым жасаған қателіктер ғылыми ізденіске алғашқы рет қадам басатындардың қателіктеріне ұқсас келеді; мұндай қателіктердің кейбіреулерін біз талдауға мәжбүр боламыз.

XIX ғ. 70-жж. ғана тілдердің өмір сүру жағдайы қандай деген мәселе көтеріле бастайды. Оларға тән ортақ сәйкестіктер біз тіл деп атайтын құбылыстың бір ғана аспектісі екеніне назар аударылады, ал салыстыру. — деректерді қайта қалпына келтірудің құралы, тәсілі ғана.

Салыстырмалы тәсілдің өзіне лайықты орнын анықтап берген шынайы лингвистика роман және герман тілдерін зерттеу негізінде пайда болады. Мысалы, осы романистика (оның негізін қалаушы Фридрих Диц 1836-1838 жж. өзінің “Роман тілдерінің грамматикасын” басып шығарды) лингвистикаға өзінің шынайы нысанына жақындауға көп септігін тигізді. Үндіеуропалық тілдерді зерттеушілерге қарағанда, романистердің жағдайы біршама қолайлы болатын, өйткені олар роман тілдерінің прототипі болып табылатын латын тілін білген және ескерткіштердің мол болуы да жеке роман тілдерінің дамуын нақты зерделеуге мүмкіндік берді. Осы екі жағдай болжалды ілімдер саласын шектеп, романистиканың барлық ізденістеріне өте жоғары дәрежедегі нақтылықты тән етті. Германистер де ұқсас жағдайда болды; тек, әуелгі герман тілі оларға беймәлім болатын, бірақ көптеген ескерткіштер арқылы одан тарайтын тілдердің бірнеше ғасырлық тарихын анықтау мүмкіндігі бар болатын. Сондықтан да болар, нақтылыққа жақындау тұрған германистер, алғашқы үндіеуропеистерге қарағанда, ерекше көзқарастарға жол ашты.

Бұл ретте алғашқы серпінді “Тілдің өмірі мен дамуы” (1875) деген еңбектің авторы Вильям Уитниден көреміз. Біраздан соң, басшылығында неміс ғалымдары Карл Бругман, Герман Остгоф, германистер Вильгельм Брауне, Эдуард Сиверс, Герман Пауль, славист Август Лескци және т.б. тұрған жас грамматиктердің мектебі (Junggrammatiker) пайда болды. Салыстыру нәтижелерін тарихи перспективаға енгізу арқылы деректерді табиғи ретпен орналастыру — олардың басты еңбегі ретінде танылады. Соның арқасында тіл — өзіндік дамуы бар ағза ретінде ғана емес, тілдік топтардың ұжымдық рухының өнімі ретінде таныла бастады. Мұның нәтижесінде салыстырмалы грамматика және филология идеяларының бұрыстығы

және жеткіліксіздігі де мойындалды². Дегенмен де бұл мектептің еңбегі зор болғанымен, ол бүкіл мәселені шешіп тастады деп ойлауға болмайды: жалпы лингвистиканың негізі мәселелері өз шешімін қазір де тосып отырған жайы бар.

II-тарау. ЛИНГВИСТИКАНЫҢ МАТЕРИАЛЫ ЖӘНЕ МІНДЕТІ; ОНЫҢ ШЕКТЕС ПӘНДЕРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Алғашқы қауымның ия мәдениетті ұлттардың тілі, қайсыбір тілдің өрлеу ия құлдырау кезеңіндегі ежелгі дәуір тілі, әр кезеңнің өңделген немесе “әдеби” тілі {қарапайым формасын қосқанда}³, жалпы, адамның тілдік қызметінің бүкіл көріністерін жеткізетін барлық деректер — лингвистиканың материалы болып табылады. Бірақ, бұл толық тізім емес: көбінесе тілдік қызметті тікелеу бақылауға мүмкін болмағандықтан, лингвист көне немесе алыс елдердің тілінен мәлімет бере алатын жалғыз қайнар ретінде жазба мәтінді пайдалануға мәжбүр болады. Лингвистиканың міндетіне мыналар кіреді:

а) барлық тілдік ұялардың тарихын жасауға және мүмкін болып жатса, олардың ежелгі түрлерін қайта қалпына келтіру үшін, барлық қол жеткізуге болатын тілдердің тарихын зерттеу және оларды сипаттау;

ә) барлық тілдерде үнемі әрі әмбебап түрде қызмет атқаратын факторларды анықтау және осы тілдердің

² Жаңа мектеп болмысты нақты бейнелеуге ұмтылып, компаративистердің терминологиясына қарсы шыққан, мысалы, олар қолданатын қисынсыз метафораларға. Қазіргі кезде “тіл мыналарды жасайды” деуге немесе “тілдің өмірі” туралы және т.с.с. айтуға болмайды, өйткені, тілде дербес өмір сүретін қандай да болмасын мән жоқ. Ол тек сөйлеуші адамдармен бірге ғана өмір сүреді. Бірақ осылай екен деп, тым алысқа баруға да болмайды; ең бастысы, айтылған нәрсенің ұғынылуына байланысты. Кейбір метафолардан қашып құтыла алмаймыз. Тілдің нақты құбылыстарына ғана сай келетін терминдерді қолдану талабы, бұл құбылыстарда біз білмейтін ештеңе жоқ деумен бара-бар нәрсе. Ал бұлай деуге әлі ерте; сондықтан біз кей-кейде жас грамматиктер сынға алған сөйлемдерді қысылмай-ақ қолдана бермекпіз.

³ Жақша ішінде біз Ш.Балли және А.Сеше редакциясында жоқ, бірақ басқа тыңдаушылардың конспектілерінде кездесетін “Курстың” бөлімдерін беріп отырмыз.

тарихындағы жеке құбылыстарды түсіндіре алатын жалпы заңдарды анықтау;

б) өзінің нысаны мен шекараларын анықтау.

Лингвистиканың деректерін пайдаланатын және оған өз деректерін ұсынатын басқа да бірқатар ғылымдардың лингвистикамен тығыз байланысы бар. Лингвистиканы осы ғылымдардан ерекшелеп тұратын шекара ешқашан айқын межеленбейді. Мысалы, лингвистиканы тілге тек құжат ретінде қарайтын этнография мен ежелгі дәуірлер тарихынан қатаң түрде шектей білу қажет. Сондай-ақ, лингвистиканы адамды зоологиялық түр ретінде зерттейтін антропологиядан да айыра білу керек, өйткені, тіл әлеуметтік дерек болып саналады. Бәлкім, бұл жағдайда, тілді әлеуметтану аясында зерттеу дұрыс болар? Лингвистика мен әлеуметтік психологияның арақатынасы қандай? Негізінен, материалды және механикалық көріністерді қосқанда, мысалы, дыбыстардың өзгеруін, тілдегі нәрсенің бәрі де психикаға қатысты болады; ал әлеуметтік психологияны осыншама құнды деректермен қамтамасыз етуіне байланысты, лингвистика әлеуметтік психологиямен тұтас бірлік құрамай ма? Біз бұл мәселелерге кейін оралатын болғандықтан, оларды осы тұста шолып шығамыз.

Лингвистиканың физиологияға қатысын айқындау қиындық туғызбайды: бұл қатынас бір жақты, өйткені тілдерді зерттеген кезде дыбыстар физиологиясының деректері қажет болады, ал лингвистика болса, физиологияға мұндай қажетті деректерді ұсына алмайды. Қалай болғанда да осы екі пәнді араластыруға болмайды: тілдің мәні — біз оған әлі көзімізді жеткіземіз — тілдік таңбаның дыбыстық сипатымен байланысты емес.

Филологияға келетін болсақ, өзара түйісетін нүктелері мен көрсететін қызметіне қарамастан, оның лингвистикадан айқын айырмашылығы болатыны мәлім.

Лингвистиканың практикалық мәні неде? Ол туралы санаулы адамның ғана айқын түсінігі бар және бұл жерде ол туралы тарата айтудың қажеті шамалы. Қалай болған жағдайда да лингвистикалық мәселелер мәтінмен айналысушыларды, мысалы, тарихшыларды, филологтарды және т.б. қызықтырады анық. Сондай-ақ, лингвистиканың жалпы мәдениет үшін маңыздылығы белгілі: өйткені — жеке адам үшін де, бүкіл қоғам үшін де, тілдік қызмет қай нәрсенің де маңыздысы. Сондықтан да оның зерттелуі аз

ғана мамандардың қолында қалуы мүмкін емес жағдай. Дегенмен де онымен іс жүзінде әртүрлі дәрежеде барлығы да айналысады; бірақ тілдік қызметке деген мұндай бұқаралық қызығушылықтың оғаш салдары да болады: басқа салада дәл осындай миға қонбайтын идеяларды, қиялдарды, соқыр нанымдарды және сағымдар мен жалғандықты кездестіру қиын шығар. Мұндай адасушылық белгілі бір тұрғыда психологиялық қызығушылықты туғызады. Сондықтан лингвистің ең басты міндеті ондайларды анықтап, мүмкіндігінше жою болып табылады.

III-тарау. ЛИНГВИСТИКАНЫҢ НЫСАНЫ

§ 1. Тілдің анықтамасы

Лингвистиканың тұтас әрі нақты нысаны қандай? Бұл өте күрделі мәселе, неге олай болатынына біз кейін көз жеткіземіз. Әзірше осы қиындықтарды көрсетумен шектелеміз. Басқа ғылымдар әртүрлі көзқарасты туғызатын, алдын-ала белгілі нысандарды зерттеумен айналысады; лингвистикада жағдай мүлдем өзгеше. Қаймана біреу француздың *pu* (жалаңаш) сөзін айтып қалды: сырт көз бақылаушыға ол нақты лингвистикалық нысан болып көрінуі мүмкін; бірақ үңіле қараған адам осы сөзді қабылдауына орай үш немесе төрт мүлдем ерекше нәрсені: тек айтылуды, белгілі бір ұғымның көрінісін, латынша *puum* (тыржалаңаш) сөзінің баламасын және т.б. аңғарады. Лингвистикада нысан көзқарасты анықтамайды; керісінше, бұл жерде көзқарас нысанды анықтап тұрады деуге болады; сонымен қатар осы деректі қарастыратын екі тәсілдің ілкілігі немесе басқалармен салыстырғандағы жетілгендігі туралы да ештеңе айта алмаймыз.

Сондай-ақ, тіл қызметінің қандай да бір құбылысын зерттеу үшін біз қай тәсілді таңдасақ та, әрқашан оның ішінде бір-бірімен байланыста болатын және өзара тәуелді екі жақты сипатқа жолығамыз.

Бірнеше мысал келтірсек:

1. Айтылымға түсетін буындар — есту қабілеті арқылы қабылданатын акустикалық құбылыстар, бірақ егер есту мүшелері болмаса, дыбыстар да болмаушы еді: мысалы, *n* дыбысы осы екі қырдың (акустикалық және артикуляциялық) байланысы негізінде өмір сүреді. Сонымен, тілге айту деп қарауға да, айтуды сөйлеу мүшелерінен бөлек қарауға да болмайды екен; екінші қырынан алғанда, сөйлеу